

# Жаңақорған тынысы

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / ақпараттық-саяси газет

№4 (8612) 14 қаңтар, сенбі 2023 жыл

## NEET

### САНАТЫНЫҢ АРТУЫ: ЖҰМЫССЫЗДЫҚТАН БА, ҚҰЛЫҚСЫЗДЫҚТАН БА?

Жастар – қоғамның болашағы мен қозғаушы күші дейміз. Бірақ, жан жағымызға бағамдап қарасақ, соңғы кезде жастардың жан-жақты дамуы үшін мемлекет тарапынан жақсы мүмкіндіктер жасалып жатыр. Әйтсе де, жұмыссыз жастардың саны азаяр емес. Олардың қатарында түрлі мамандық бойынша жоғары және арнайы оқу орнын бітіріп келген қолында қос-қос дипломы бардың да жұмыс таппай сәнді жүргені жаныңды ауыртады.

Тәсел РЗАЕВА

Жастарды қолдау мақсатында бірсыпыра бағдарламаның барын білеміз. Соның ішінде NEET жастарды қолдау 6 бағыт бойынша жүреді. Кәсіптік бағдарлау, кәсіби оқыту, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жастарды әлеуметтендіру мен ұйымдастыру-әдістемелік шаралар. «Дипломмен – ауылға!», «Серпін», «Баршаға бірдей тегін техникалық және кәсіптік білім беру», «Жас кәсіпкер» бағдарламалары осының жемісі. Бірақ аталған бағдарламалардан айтарлықтай нәтиже көріп жүргеніміз жоқ. Себебі «Серпінмен» оқуға түскен студенттің 4 жылдан кейін ауылына қайта оралғаны байқалмай. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасымен дәрігер мен мұғалімдікті бітірген жастардың шалғайдағы елді мекенге ынтасы ауып тұрғаны ілуде біреу. Ал, біздің аудандағы жағдай қалай? Өткен жылы аудандық жұмыспен қамту орталығында 2633 жас жұмыссыз ретінде тіркелсе, олардың 699 тұрақты жұмыспен қамтылыпты. Әлбетте, бұл тіркеліп, ресми статус алғаны ғана. Ал тіркелмей жүрген жас қанша? Аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Жаңабек Тұрлыбековтың айтуынша, аудандағы жұмыссыздық деңгейі жылдан-жылға азайып келеді.

– Ағымдағы жылы ауданымызда жастар практикасына-301, қоғамдық жұмыс орындарына – 403 адам, «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқуға – 904 адам қатысып, оның – 167-і грант алды. Ал, қысқа мерзімдік курстан -8 жас өтіп, барлығы дерлік жұмысқа орналасты, әлеуметтік жұмыс орындарына -25 адам қамтылды. Бізге тіркелген жастардың барлығына мүмкіндігінше жұмыс көзін тауып беруге жұмыс жасаймыз. Әйтсе де, аудан орталығындағы кафе мен дәмхана иелері әрбір жәрмеңкеде қарапайым жұмысшыға сұраныс береді. Соған баратын маман таппаймыз. Бос орын жұмыс жәрмеңкесінде аспазшы, дәнекерлеуші, құрылысшы, көлік жүргізуші және т.б мамандық бойынша сұраныс көп болады. Бірақ ондай жұмыстарға жастар бармайды, тәжірибесі болмаса да бірден жоғары дәрежелі қызмет атқарғысы келеді, – дейді Жаңабек Тұрлыбеков.

Бұл жөнінде, жастардың пікіріне келсек, болмашы қаржыға бейнәттенуді қаламайтындарын алға тартады. Одан гөрі шетел асып болса да, айына 500 мыңға жуық табыс табуды дұрыс санайды екен. Қандөз ауылының тұрғыны Ержан Мадиярды әңгімеге тартып едік.

3-бет



**БЕДЕУЛІК БЕЛЕҢ АЛЫП БАРАДЫ**

2-бет



«Жаңақорған кентінен 20 шақырымдай қашықтықта орналасқан Шалқия қазбалы кен орны 1963 жылы ашылғанымен оның негізгі қазба қоры-қорғасын және мырышты өндірістік мақсатта игеру өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастау алады.»

Т Баян УСЕЙНОВА

## АЛЫП ТҰЛҒА

# АЛАСАРМАЙДЫ

Шалқия кенішінің аппараты штаттық кесте бойынша «Ащысай» полиметалл комбинатының №34 цехы есебінде жұмысын бастады. Салынып жатқан кеніштің ең алғашқы бастығы болып Сыр өңірінің перзенті, Жаңақорғанның тумасы Бегімбетов Әбдіхан Ермаханұлы тағайындалып, 1980-1987 жылдар аралығында қызмет атқарды.

Бұл кісінің өмірбаянына көз жүгірткен адам оның 1950 жылы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін 1960 жылы «Ащысай» кенішіне жұмысқа орналасып, 44 жыл осы салада абыройлы еңбек атқарғанына көзі жетер еді. 1960-65 жылдары «Қарасай» кен орнында бас инженер, 1965 жылдан 1997 жылға дейін «Мырғалымсай» кенішінде аға тау-кен мастері, техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, одан әрі бас инженер болып қызмет атқарды. 1968-70 жылдары Алжир Демократиялық республикасында Кеңес Үкіметі атынан жіберілген кеме тобы құрамында «Абдалкадер» кенішінің бастығы болып қызмет атқарды. 1988-1996 жылға дейін бас инженердің орынбасары, 1996-1999 жылға дейін «Ривер Интернейшнл АГ» компаниясы президентінің тау-кен ісі бойынша кеңесшісі болды. 1950 жылдан бастап зейнетте.

Жаңақорған ауданында 26 кент және ауылдық округ бар. Былтыр әкімдер жұмысы жақсы нәтижемен жүйеленгенімен, кем-кемі болғаны рас. Тіршілігі түйінделіп, қазынасы қайнап жатқан ауылдарға биыл көптеген тапсырма тапсырылды. Жыл басында өткен жылды қорытқан аудан басшысы Мұрат Тлеуімбаев әкімдер жұмысын сынға алып, нақты мекені айқындады.

– 2023 жылға жоғары тұрған бюджеттерден бұрын-соңды болмаған 10,0 млрд теңгеден астам бюджеттік инвестиция тартылды. Бұл жобалар республикалық, облыстық, аудандық мекемелер арқылы іске асырылады. Оның ішінде, елді мекендердің 31 көшесін орташа жөндеуге облыстық бюджеттен 770,4 млн теңге, аудандық бюджеттен 5 ауылдық округтің 7 көшесін орташа жөндеуге 166,1 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл іске асырылатын жобаларды халыққа дұрыс жеткізе білу керек, – деді аудан әкімі.

Бұл қаржы жалпы бюджет емес, қосымша инвестиция. Ауданға әкім болып келгені Мұрат Жолкелдіұлы 3 ай сайын ауылдарды аралап, халықпен жүздесіп отырды. Әр барғанда көтерілген мәселенің шешілу жолын саралап, оң өзгерістерді сүйіншілей жүрді. Тіпті ауыл әкімі шешетін мәселелерге де араласып, жөн-жоралғысын жеткізді. Оған көзіміз күз, біздікі біреуді дағдау емес, қайта абыройын асырып, жігерін жану. «Кездесуге барғанда ең көп мәселе көтерілетін округ әкімдері, аудандық бюджетті бекіту барысында бюджеттік өтімді тапсырмаға немесе шешімді табуы тиіс күрделі мәселелерін ұсына алмаған...» – деп әкім төтесінен айтты. Бұл мәселе бойынша аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне барып, мән-жайды сұрадық.

– 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджетті қалыптастыру барысында ағымдағы шығындардан бөлек жаңа бастамаларға арналған шығыстар бойынша бюджеттік өтімді ұсынбаған ауылдық округтер бар. Көктөбе, Қаратөбе, Келінтөбе, Аққорған, Талап, Қыраш, Сунақата және Екпінді ауылы бар. Екінші мәселе, ағымдағы жылдың 12 айында біршама округ тарапынан өз бастамаларымен бюджеттеріне нақтылау жүргізілмеген. Сәйкесінше барлық ауыртпалықтар аудан бюджетінің есебінен қаржыландырылып келген. Үшінші, аудандағы күнкөріс деңгейі төмен санатындағы халық саны бойынша облыста ең жоғары көрсеткішті көрсеттік. Бұл ауданда әрбір 12 адамның күнкөрісі төмен дегенді білдіреді, – деді бөлім басшысы Семсер Әсенов.

4-бет

## БАҒА ҚАШАН ТҰРАҚТАНАДЫ?



Азық-түлік бағасының өсуі – халықтың тұрмыс-тіршілігіне теріс әсер ететін сөзсіз. Құнделікті тұтынатын тұрмысқа қажетті өнімдердің бағасы күннен-күнге шарықтап барады. Тіпті, мың құбылады. «Үйдегі есепті – базардағы баға бұзады» деген қазақта сөз бар. Сол айтқандай, базар бағасының тұрақсыздығы қарапайым халықтың қалтасына әжептәуір салмақ салауда.

Осы тұста айта кетейік, Жаңақорған ауданының ауылшаруашылығы бөлімі 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына үнемі мониторинг жүргізіп келеді. 2022 жылдың соңында нарықта пияз өнімінің қымбаттауына байланысты ауданымызда әлеуметтік маңызы бар азық-түліктерді ішінара арзандату мақсатында арнайы жұмыс жасалды. Облыстық «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының тұрақтандыру қорынан «Ақсултан» көкөніс дүкенінің иесі кәсіпкер Болатбек Оспанов арқылы 10 тонна пияз өнімдері жеткізілді. Нәтижесінде, пияздың әр келісі 160 теңгеден сатылуда. Бұл баға өз кезегінде жалпы нарықтан 50-60 теңгеге төмендігін көрсетіп отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, осылай үнемі бақылау жүргізіп, бағаны қадағалап отырса базар бағасы көп құбылмасы анық. Алдағы уақытта ай сайын нарыққа зер салып, азық-түлік бағасын қадағалап отыратын боламыз.

3-бет

## ӘКІМДЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

Соңғы жылдары өркениет көшіне ілесу де, ауылдың ажарын айшықтап, елдің әлеуетін көтеруде әкімдерге артылар міндет, жауапкершілік жүгі еселене түсті. Мемлекет басшысы да Жолдауында осы мәселеге баса назар аударып, нақты міндеттер жүктеп келеді. Оның ішінде ауылдық округ басшыларына бәсекеге қабылеттілікті арттыру маңызды рөлге ие. Өйткені, қазір ауыл әкімдерін жергілікті жұртшылық өзі сайлап алады. Екіншіден, әр ауылдың тайқазаны өзінде, яғни, салықтан түсімдер өз есепшоттарында. Өрине, бес саусақ бірдей емес, дегенмен көшке ілесіп, көпшілікке үлгі бола алу да шынайы еңбектің көрінісі болады.

Т Әли ТЕМІРБЕК



**ГҮЛ ӨСІРУ – ҮЛКЕН МӘДЕНИЕТ**

2-бет



**АЛҒАШҚЫ ТРАКТОРШЫ – ТӨРЕБАЙ**

4-бет

# ГҮЛ ӨСІРУ – ҮЛКЕН МӘДЕНИЕТ

Әсем гүлдер үйдің сәнін келтіріп қана қоймай, адам жанына жылылық ұялататын қасиетке ие. Адам жанын жадыратып, көңілін көтеруде гүлден асқан сыйлық жоқ. Гүл жан-жағына жұпарын шашады. Айналаға сұлулық, нәзіктік сыйлайды. Гүл өсіруді өзінің хоббиіне айналдырған ауданымыздағы белгілі блогер әрі гүл бағбаны Ақсәуле Үртекова бүгінде 30-дан астам гүл түрін үйінде баптайды. Өзі тазалық пен әдемілікті жаны сүйеді. Ақсәуленің үйіне кіргеннен жасыл желек жамылған, көздің жауын алатын алқызыл гүлдерді көргенде, ертегілер әлеміне еніп кеткендей күй кештік. Апырай, осындай сұлулықты өз қолымен жасап, оны әдемі қалпында сақтап отырған гүлзардың мінезі де мәйім, нәзік болмысының өзі кісіні ерекше тартып тұрады екен.



– Мен бала күнінен бөлме гүлдерімен әуестендім. Тұрмысқа шыққан кейін, баламен үйден отырған уақыттан бастап гүлді ерекше жақсы көріп, күтім жасаудың түрлі әдістерін үйрене бастадым. Көктем шығып, күн жылына бастағандан гүлдің ерекше түрлерін үйге де, аулаға да егуге асығамын. Өйткені, гүл өкпесем өзімді жайсыз сезініп, көңіл-күйім қашады. Ең маңыздысы, гүл мен үшін қымбат, тіпті оларды кейде өз баламдай әлпештеп қарауға тырысамын. Ең маңыздысы, гүл бала секілді күтімді қажет етеді. Гүлді күтіп – баптау өзіме ұнайды. Бұл көңіл-күйіме ерекше әсер етеді. Гүлдер – тіршілік атаулының оянуы мен жақсылыққа деген үміттің нышаны. Сондықтан, гүл өсірумен машықтанғаным өзімді бақытты санаймын. Мен гүл өкпесем жайбаракат отыра алмай, беймаза күй кешемін. Осы күндері ойлап қарасам, гүл менің өмірімнің бір бөлшегіне айналған екен. Гүл баптауды қолға алғалы менің ішкі әлемім де өзгерді. Оның үстіне, инстаграмда блог жүргіземін. Өзімнің парақшамда оқырмандарыма гүлдің түрлерін таныстырып, оны қалай күту керектігіне бөлісіп отырамын. Парақшамда гүл көңілін бастаған себебім, әрбір әйел үйдің отыра да еш қаражат салмай жетістікке жете алатынын дәріптегім келді. Шүкір, қазір жас қыздардан бастап үлкен аналарға дейін парақшамды үзбей қарап, көңес сұрап жатады.

Әсем гүлдер үйдің сәнін келтіріп қана қоймай, адам жанына жылылық ұялататын қасиетке ие ғой. Гүл ерекше күтімді қажет етеді. Қарапайым үй жағдайында гүл өсіру үшін оның әдіс-тәсілдерін жақсы білген жөн. Әсіресе, қыстың келуімен бөлме өсімдіктерінің көпшілігі ауырады және солады. Әр өсімдікке жеке-жеке қарап, көмеуіңіз керек. Алайда төмен ылғалдылықтан және ауа температурасының түсуінен барлық бөлме өсімдіктері бірдей ауырады. Құндақтағы баланы қалай өсірсен, гүлге де сондай күтім қажет, – дейді кейіпкеріміз.

Қазірде сыйлық ретінде бөлме гүлдерін сыйлау, керек десеңіз тойбастарға гүл беру санға айналып келеді. Ол – қуантарлық жағдай. Сондай-ақ гүл өсіруді қыр-сырын білісің келетін азаматшалар Ақсәуленің инстаграм парақшасын үзбей көріп, тіпті үйіне арнайы барып, гүл күтімі жайында түрлі көңестер де алып жатады екен. Біз гүл бағбанынан гүлдің тағы қандай пайдасы барын сұрадық.

– Пайдасы шаш етекпен. Адам мен табиғатты бөліп қарастыруға болмайды. Біз де табиғаттың бір бөлшегіміз. Шаршаған адам таза ауаға, көрікті жерлерге барып демалуға ұмтылатыны сөзіміз айқын дәлелі. Орманның ауасында адам денсаулығына қажетті желің иондар болады. Соның арқасында орманда демалған адам салқынаға көп берілмейді, олардың қан құрамы жақсарып, қан қысымы төмендейді, шаршағаны басылады, дәлірек айтқанда орманда дем алғаннан кейін еңбек өнімділігі артады дегуге болады. Ал үйдігі өсімдіктер ең алдымен бөлменің ылғалдығын қалыпқа келтіреді. Үйде ешқандай өсімдіктің болмауы мұндай кезде адамдардың тыныс ауа, әсіресе мұрын құрғап кетуіне қатты әсер етеді. Таңертең ұйқыдан оянағанда гүлді суарып, хош иіс беріп, жүйкәлің өсіп тұрған тірі ағзаны көріп көңіл-күйің көтеріліп, өмірден ерекше ләззат алғанға не жетсін, – дейді гүл бағбаны.

Иә, «Гүл – табиғат-ананың сыйы» деп бекер айтылмаған. Бір жағынан адам жанына жұлулық ұялатып, көңіл-күйдің көтерілуіне септігін тигізсе, екінші жағынан денсаулыққа да жақсы әсері бар. Ендеше гүл өсіруге жаны құмар кейіпкерімізге біз де сәттілік тілейміз.



Бетті дайындаған Әсел РЗАЕВА



# Сұрғалым

## ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР БЕТІ

Бетті дайындаған Әсел РЗАЕВА

# ШАШ БОЯУЫ ШАШТАН АЙЫРМАСЫН

Қызық. Уақыт өткен сайын көш ілгері жылжып, күн сайын түрлі жаңалықтардың жаршысы болып жатамыз. Осы бұрындары шаш бояуы турасында өңіміз ести бермейтін едік. Ал, қазір теледидарды қоссаң болғаны бұрымы ұзын арулар шаштарын қызыл, сары, қараға бояп, әлгі бояулардың жарнамасын шарықтап жатады. Әббетте, әдемілікке, сұлулыққа ұмтылағынымыз жөн-ақ.

Шыны керек, осы шаш бояуының арқасында көптеген нәзік жан иелерінің арманы жүзеге асып жатыр. Өздерінің туа бітті табиғи шаш түстеріне көңілі толмағандар, енді өзі қалағанынша өзгерте алады. Тіпті, осы күні шашын боямайтындырады кездестіру қиынға соғып бара жатқандай. Мейлі ері болсын, әйелі болсын, жасы болсын, кәрісі болсын жапа-тармағай әлекке түседі. Алайда, сол бояудың соны кей жағдайда орны толмас өкінішке ұласып, талай жанның өміріне қауіп төніп жатқанын кезіктіргенде, ойлап қалады екенсің.

Айталық, бала кезімде ауылда тұратын бір жеңгем ара-кідік ақ түскен шашын жоюға, кешкі тойға дайындалады. Әлгі бояудың нұсқаулығында жарты сағаттан артық ұстауға болмайды деген жазу көзі көретін жанға бадырайып көрініп тұр. Бірақ, әлгі жеңгеміз түсі жүз сағаталсын деген оймен 4-5 сағат мольнан жағып алып жүре беріпті. Енді басын жуайын деген уақытта аяқ астынан есінен танып, жерге құлайды. Қырсық шалғанда үйде ересектерден ешкім болмай, жанында бес жасар қызы мен енді ғана тәй-тәйлап жүріп жүрген сәбиі көріп қалады. Анасының құлап жатқанын көрген қызының айқайлап жылағанынан, айналасындағы көршілері естіп, жүгіріп келеді. Содан дереу ауруханаға жеткізсе, келіншектің жағдайы тым нашарлап кеткен екен. Бас құрылысындағы бездері қабынып, өлім мен өмірдің ортасында жатады. Өйтеуір, дәрігерлердің біліктілігінің арқасында аман-есен жаны қалды. Дәй тұрғанымен, денсаулығы бұрынғыдай емес. Үнемі күтіммен, дәрі-дәрмектің күшімен жүріне тұра келді. Онымен қоймай, ендігі кезекте шашын боямақ түгілі, оны өсіруге де қатаң тиым салыпты.

Одан бөлек, осыдан біршама уақыт бұрын Қарағандыда отыз бір жастағы әйел кенеттен қайтыс болды деген суық хабарды да естідік. Тінісі орынды «оқыс оқиғаға шаш бояуы себеп болды» деп, жариялады. Қарағанды қалалық ішкі істер басқарма мамандарының хабарлауынша, әйел түнде ауруханаға бара жатқан жолда «Жедел жәрдем» көлігінде қайтыс болған. Мұның алдында қала дүкендерінің бірінен бою сатып алып, шашын бояған оның дене қызуы көтеріліп, бет-аузы ісіп кеткен көрінеді. Тіпті, бою құрамындағы заттардың әсерінен бас терісі күйіп кетіпті.

Жиналған мәліметтерге сүйенсек, шаш бояуынан әйелде ми ісігін шақыратын аллергия туындаған екен. Міне, біз көзімізбен көріп, құлағымызбен естіген жағдай осындай болды. Алайда, ел-елдерде, жер-жерлерде осы тектес қайғылы оқиғалардың бірін естісек, енді бірін естімей де қалып жатқанымыз жасырын емес. Тіпті, әлем ғалымдары да бұл тұрғыда неше түрлі зерттеулер жүргізіп жатса керек. Айталық, таяуда Британдық ғалымдар шаш бояудың адам ағзасына тигізер зиянын анықтапты. Бұрындары шаш түсу мәселесімен маман көмегіне жүгінетін әйелдердің орташа жасы – 21 жас болатын. Алайда, дәл қазіргі кезеңде бұл қиындыққа ұштырып жап-жас аруларымыз тап болып жатқанға ұқсайды. Бұл тұрғыдан Британдық мамандар шаш түсудің шаш бояу сәнімен байланысты екендігіне сенімді. Олардың зерттеуіне зер салатын болсақ, әлгі бояулардағы косметикалық рәсім алопецияға әкеліп соқтырады. Алопеция – шаштардың қатты тығыздалып тартылу нәтижесінде пайда болады екен.

Осы тұста ауданымыздағы арнайы шаш маманы Ақбөпе Алмасқызынан шаш бояуы жайында пікір алмастық. – Шашқа зиян келтірмес үшін аммиаксыз шаш бояуын пайдаланған жөн. Аммиаксыз және шашқа еш зияны жоқ бояулар да бар. Бірақ, біз қолданып жүрген шаш бояуларының көбінде 75 пайызға дейін аммиак бар. Аммиак шаш бояуының құрамындағы ең қауіпті зат. Ол өкпенің зақымдануына және жүйке қызметінің бұзылуына әсер етеді. Сосын парафилемин-диафин деген қоспаның да кері әсері басым. Франция, Америка, Германия сынды елдер шаш бояуына осындай зиянды қоспаларды қоспауға қатаң тиым салған. Ал, бізде ешқандай шектеу жоқ. Әрбір адам өз денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарағаны жөн, – дейді арнайы маман.

Сонымен қатар, шаштарын бояйтын көптеген қыз-келіншектер түрлі аллергияға да душар болуы да әбден мүмкін. Сондықтан да, шаш бояуының сапасына үлкен мән берген абзал.

# ОРАМАЛДЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ, ҮЛГІСІ ОНЫҢ ҮЙЛЕССЕ

Орамал – нәзік жан иесінің басындағы байрағы, алтын тәжі. Ақиқатында, сұлулықтың символы, адалдықтың белгісі, келіннің келін, әженің әже екенін білдіретіні сөзсіз. Тіпті ол – жаны нәзік жаратылған болмыс иелерінің басындағы бағы мен бақыты.



Орамал кез келген қыз-келіншектің көркіне көрік, әдемілігіне сән қосатын ерекше әшекей екеніне ешкім дауласа қоймас. Ең бастысы, ол сыйлық, кәдесый ретінде маңызды қызмет атқарған. Әлі де солай. Бір қуантарлығы, қазір жас қыз-келіншектердің арасында басына орамал тартып жүру сәнге айналуда. Бұрынғыдай қимешек киіп жүрмесе де, әдемі шарфтар мен «тор-бандарды» сәнін келістіре тағып алған келіншектерді көргенде сүйсінесің. Орамалдың төрт бұрышы бар, яғни төрт түлігің сай болып, төрт құбылаң тең болсын деген жақсы ниетпен оны басынан тастамайтын жасы үлкен аналар, аналарға ол құп жарасып тұрады.

Көпшілігіміз мән бермейтін орамал тағу әдісіне қарай әйелдің қоғамдағы орны мен дәрежесі байқалады екен. Мысалы, жас келіншектер, тұңғышын босанған аналар мен немере сүйген әжелердің жаулық тағу әдістері мен байламдары да әртүрлі болған. Орамалдың түстері де үлкен мәнге ие. Мысалы қызыл түс тұрмысқа шықпаған қыз балаларға тиесілі болса, кейбір жерлерде жана түскен жас келінге балалы болғанға дейінгі аралықта осы ұнамды келеді.

Орталықтағы «Нұр» базарына арнайы барып, орамал сататын дүкендерді көріп, көздің жауын-алатын сан алуан жаулықтарды қарап шықтық. Сондай бір дүкенге кіріп едім, қаз-қатар тізілген орамалдар мен шарфтардан көз алу мүмкін болмады. Құдды өзге әлемге кіріп кеткендей күй кештім. Ағы, көгі, қызылы, жасылы бәрі-бәрі дүкенге сан беріп тұр. Осындай әдеміліктің ортасында ұзын бойлы, аққұба өңді, жүзінен нұр төгілген келіншек маған орамалдың түрлерін көрсетіп қана қоймай, оның қасиетін де тілге тиек етті. Содан бірден танысып, сұқбаттасып кеттік. Пирматовта Динара Абдуллақызы аудандық генетология бөлімінде акушер болып жұмыс жасайды екен. Бұл қосымша табыс екен. Мен, өзі жан-жақты, нағыз бүгінгі заманның белсенді нәзік жан иесі десек артық болмас.

– Балам мектепті бітіргеннен кейін қосымша табыс табудың жолын қарас-

тырдым. Анаммен ақылдасып едім, орамал әкеліп сат деді. Ешқандай қарсылық танытпадым. Алғаш қолымдағы 200 мың теңгем Шымкент қаласына барып, бір пакет орамал әкеліп бастағанмын. Қазір шүкір, дүкенді кеңейтіп, орамалдың барлық түрін әкеліп жатырмын. Сұраныс өте жоғары. Қазір үлкені де, кішісі де басынан орамал тастамайтын болды ғой. Тіпті, өзімнің тұрақты тұтынушыларым да қалыптасқан. Кейде арнайы тапсырыс та беріп жатады. Өзім орамалдың сәнге айналғанына қуанамын. Көптеген қыз-келіншектер тойға баратын болса да, көйлегімен үйлестіріп алып кетеді. Сұлулық салонына барып, сағаттап шашымызды бұйралатқанша сол ақшаға әдемі орамал алып таққанымыз жақсы деп жатады. Бұл үлкен қуаныш ғой, – дейді Динара Абдуллақызы.

Тіпті, кейіпкеріміз орамал тағудың түрлі әдістерін де меңгеріп алған екен. Әрбір келген жанға кеңесін айтып, қалай тағуы тиіс екенін көрсетіпін де айтып отырады екен. Оны дүкенге келген келіншектердің «Динара маған әдемі торбан керек. Сен жақсы білесің ғой» деген сөздерінен аңғардым. Содан мен де орамал тағудың түрлерін сұрадым. – Қазір орамал тағудың әдісі көп. Беті толықша келген қыздарға кез келген орамал жарасады. Көбіне қыздар реңіне, түсіне қарай таңдайды. Беті сопақ бойжеткендер шаштарын түйіп

немесе шашының көлемін үлкейтіп тақса болады. Сосын кекіл түсіріп, тақса да жарасады. Мұндай өмірлік аксессуар шаш үлгісін қажет етпейді. Салонаға баратын уақытты үнемдейсің. Кез келген киімге үйлестіріп таққан орамал сіздің ажарыңызды ашады. Ал, орта жастан асып, немере сүйіп отырған аналарымыз бен самайын ақ шалған әжелеріміздің жалаңбас жүргенін көргенде ыңғайсызданамын. «Орамал тон болмайды, жол болады» деген сөздің астарында орамалдың жолы үлкен екенін меңзейді. Егер бір-бірімен реңжіскен, араз болған ағайынның арасына ақылгөй аналарымыз кешірім сұрап барғанда басындағы орамалын ортаға тастаған. Екі арада жақсы жол сыйластық қарым қатынас жол болсын деген тағы бір ырым ғой. Осыдан-ақ ақ жаулықтың қадір қасиеті аңғарылып тұр ғой, – дейді ол.

Кәсіптің көзін тапқан келіншек екі адамды жұмыспен қамтыпты. Оның бірі сатушы болса, екіншісі инстаграмда арнайы парақшаны жүргізіп отырады екен. Сондай-ақ, маңдай термен тапқан ақшасынан әлеуметтік жағдайы төмен, жалғызбасты аналарға көмек қолын созып, жала оқу жылында балаларға қуаныш сыйлауды әдетке айналдырыпты. Міне, нағыз сегіз қырылы, бір сырлы жан десек артық болмас.

# БЕДЕУЛІК БЕЛЕҢ АЛЫП БАРАДЫ

Табиғаттың заңдылығымен тұрмысқа шыққан әрбір бойжеткен ана атанып, перзент сүйісі келеді. Алайда, соңғы уақыттары балалы бола амай жүрген жұбайлар көбейді. Әсіресе, жастар жағы осы мәселеге жиі тап болуда. Оның бастауы бедеулік пен белсіздіктен білінеді. Бұрын-соңды ата-әжелеріміз өлеі бермейтін, тіпті біле де бермейтін бедеулік дерті неге белең алды? Біз осы төңірегінде тағы да толғанып, қалам тербеп көрген едік.

– Салтанат Берденқызы, шыны керек, біздің елде әлі де денеден тыс ұрықтандыруды, яғни экзозис дұрыс қабылдай бермейтіндер бар. Осы әдістің қыр-қырын тартатып айтып беріңізші.

Мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі әрбір алтыншы отбасын бедеулік дерті діңкелетіп тұр. Соның салдарынан арулардың тұрмысқа аяғы ауыр халде шығу да қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Өрі, онтүстік өңірлерде жас келін жүкті болмайынша жастардың тойын да кейінге ысырып қою дағдыға айналып келеді. Бұл қоғамның қасиеті.

Әйтсе де, «Ерлі-зайыптының сәби сүйе алмауына не себеп болды екен?» деген сауал барлығымыздың да көкейімізде қылаң беретіні сөзсіз. Мамандардың сөзіне сүйенсек, жастар арасында бедеуліктің кеңінен етек жаюының себебі – экологияға байланысты. Жыныстық қатынасқа ерте түсе де бедеулікке әкеп тіреді. Жастықтың әрі тәжірибесіздіктің кесірінен әртүрлі созылмалы жыныстық ауруларға шалдығып, сонында бедеулікке ұшырайды.

– Осы мәселемен түбегейлі айналысып жүргеніміз 25 жылдай болды. Сол уақыттан бері 5 мыңға жуық сәби өмірге келді. Ел арасында денеден тыс ұрықтандыру әдісімен туылған балалардың денсаулығына күман тудырып, сенімсіздікпен қарап жатады. Осы орайда айта кетейін, табиғи жолмен туылған балалардың денсаулығы қандай болса, олардың да денсаулығында ешқандай айырмашылық болмайды. Ол ғылыми тұрғыда дәлелденген. Бұл тәжірибе тұңғыш рет XX ғасырдың алғашқы жартысында жан-жануарларға қолданылған болатын. Аталған сынақ мал шаруашылығының дамуына үлкен жетістіктер әкелді. Ғалымдар бұдан кейін оны адамдарға жасап көрді. Англияда Эдвардс пен Стептоу есімді дәрігерлер ерлі-зайыпты Джон Браун мен Луиз Браунның ұрықтарын арнайы түтікшеге алып, оны кейін әйелінің жатырына салды. Сөйтіп, 1978 жылы 25 тамызда Лесли Браун атты алғашқы сәби дүниеге келген. Содан бері бұл әдіс талай жанның шаңырағына қуаныш сыйлап келеді.

– Қарапайым халық арасында балалы бола алмай жүрген жұбайлар болса, бірден әйелді кінәлап жатады. Осы қаншалықты дұрыс?

– Қазіргі күні әйел ағзасында да, еркек ағзасында да түйтіл көп. Мәселен, әйелдерде жатыр түтіктерінің бітелуі, қабыну процестерінен ішкі ағзасында анатомиялық өзгерістердің пайда болуы негізгі себептерге жатады. Еркектерде де белсіздік үлкен мәселеге айналып отыр. Қабыну процестерінен ұрық жүретін қордан бітеліп қалуы мүмкін. Сондықтан, ең басты себеп – қабыну процестері деп айтар едім. Қазір нағыз химиялық заттардың дүрліген заманы, ол тамаққа да қосылады. Дайын тағамдардың түрі әдемі, дәмі татымды болуы да мүмкін. Бірақ, ағзаға әкелер зияны да аз емес. Бізді қоршаған экологиядағы ауыртпалықтардың әсерін тағы қосыңыз. Осының бәрі гормондық ауытқуларға әкеледі. Ерлі-зайыптылар бір-бірін айыптамас бұрын дәрігерге көрініп, ем қабылдағандары жөн. Қайталап айтарым, бедеулікке шалдыққан әйелдердің 80 пайызға жуығы кезінде жасанды түсік жасағандар. Алланың берген сыйын кері қайтарып, енді қайтадан ала алмай жүргендер. Кейін, кейін деп жүріп жүктіліктен сақтанып бізге келетін әйелдердің көбі 40 жастағылар. Бұл жаста көбінесе аналық ұрық тапшылығының байқалатыны айдан анық.

– Еркектердің арасындағы бедеулік пен белсіздіктің айырмасын айтып берсеңіз.

– Бедеулік пен белсіздік екі бөлек нәрсе. Айталық, белсіздік дегеніміз еркектің жыныс қатынасына қабілетсіздігі. Еркектердің жыныс қатынасына тусе алмайтын, әйелімен қосыла алмайтындырады болады. Оны орысша «импотенция» деп атайды. Есіңізде болсын, белсіз еркек міндетті түрде бедеу болмайды. Керісінше, белсіз еркектердің көбісінің ұрығы жақсы. Ал, еркектің бедеулігі екі түрге бөлінеді: абсолютті және салыстырмалы. Салыстырмалы дегеніміз еркек ұрығы әлі де бар, бірақ өте нашар, сапасы төмен. Абсолютті ол табиғатынан ұрығы жоқ еркектер. Бұл, әрине, сирек кездеседі. Бедеу еркектердің барлығы да белсіз деп айтуға келмейді. Өйткені, олардың жыныс қатынасына қабілеті өте жоғары болады.

– Сұқбаттың аяғына үлкен рақмет!

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# ӘКІМДЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

Бұл жерде басымдық әлеуеті жоғары ауылдарға берілген. Яғни, Сыр беткейдегі тіршілігі түзу округтер табысы төмен елді мекендерге қарағанда жеңілдіктерге көбірек жүгінген. Жәрдемақы, жеңілдіктер және басқа да қажеттіліктерді көрсетіп отыр. Төртінші мәселе, салық төлемгерлерінің жаңылыс төлеу есебінен 21 млн теңгеден астам қаржы аудандық бюджетке түскен. Бірнеше рет ескерту жолданғанымен, бүкіл ауыртпалық аудандық бюджет есебінен шешілгендіктен, әкімдер тарапынан іздеу, қазынасын түгендеу бйқалмайды, – деді бөлім басшысы.

Салық түсімдеріне келсек, былтыр аудан бойынша жоспар 183 млн 841 мың теңге болса, биылғы жеке 257 млн 110 мың теңгені құрайды. Өйткені, кәсіпкерлерге жасалған жеңілдік алынып тасталды.

Қарап отырсаңыз, ауылдарға түсетін қаржы әжептеуір, тек тиімді пайдалана алса болғаны.

– Аудан басшысы кент, ауыл әкімдеріне бюджет қаржыларының тиімді жоспарлануына, тиімді пайдалануына қатаң талап қойып келеді. Сонда да кемшіліктер жіберілуде екені ақиқат. Биылғы жылы бөлініп жатқан қаржыны осы бастан дұрыс жоспарлап, сапалы игеру керек. Мердігерлермен жұмысты дұрыс ұйымдастыру керек. Әр жобаны қарап, уақтылы мемлекеттік сатып алуларын өткізіп, игертін қаржыны дұрыс жоспарлауы тиіс. Сонымен қатар, жеке қабылеттілікті, мінез-құлқы, іскерлікті арттыру керек, – деді аудан әкімінің аппараты басшысы Бақтияр Ахметов.

Иә, біздің түсініміміз, енді әкімдер бірінші, бюджетті дұрыс жоспарлап алу керек, екінші, қоғамдастықпен бірлесіп жұмыс жасайлау керек, үшінші депутаттарды іске араластырып, үнемі байланыста болуы шарт. Сондай-ақ, кәсіпкерлік дамыту, инфрақұрылымды жүйелеу, жастармен жұмыс, ең бастысы, инвестиция тарту керек. Өйткені, бүгінгінің талабы осы болуда.

Ауылдан шыққан азаматтарды туған өлкенің өрісін кеңейтуге жұмылдыру. Қандай әкімдерді үлгі ете аламыз деген сауал тұындады. Біз ешкімді бөліп-жарғымыз келмеді, дегенмен аудан әкімдігі Байкенте, Жанарық, Талап және тағы басқа ауылдық округті өңеге етті. Жалпы алғанда, қай ауылды алмасаңыз да жұмыс жүзіліп, тек жылдам, әрі тегеурінді болуды талап етеді қазіргі заман.

Түйінін айтқанда, көш жуан түзелер, демекші, барлығы уақыттың еншісінде. Көбісі бірінші мәрте тізгінді қолына алып, жаңа жүйемен енді танысуда. Біз бүгін жыл басы деп әкімдерді жігерлендіріп қоюды жөн көрдік. Өйткені, биыл атқарылар жұмыс ауқымды, әсіресе, газ келетін ауылдар, инвестициясы бар округтерден есеп көп болады.

Ал, бюжетке жауапты бөлім әкімдер рейтингісін алдағы уақыттарда жариялауға уағдаласты. Бұл өз кезегінде бәсекелесті арттырып, жоғары нәтижені көрсетеді. Еңдеше, әкімдер қамшыны сабалайтын уақыт жетті.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



# САНАТЫНЫҢ АРТУЫ: ЖҰМЫССЫЗДЫҚТАН БА, ҚҰЛЫҚСЫЗДЫҚТАН БА?

– Менің екі дипломым бар. Оқуды бітіріп келгеннен кейін жұмысқа орналасайын десем жұмыс жоқ. Қаншама есікті қағып, біраз басшының алдынан өттім. Жұмыстың ыңғайы болмағанның кейін Ресей еліне қара жұмысқа кеттім. Онда табыс жоғары. Бірақ, ауырайы қатты суық әрі жұмыс ауыр. Екі жыл істеймін деп денсаулығым сыр беріп, елге қайттым. Қазір бір жыл болды жұмыс іздеп жүрмін. Жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелгенмін, кәсіпкерлік бағытында оқып, сертификат алдым. Алайда, ол грантты алмақ түгілі, тіркеле де алмадым. Қаншама рет бардым. Өз мамандығым бойынша жұмыс табылмаса да, қолымнан келетін кәсіпті бастауға ниеттеніп едім, ол да болмады. Енді қайтадан Ресейге барғалы жатырмын, – деді көңілі құлазып. Ал, кент тұрғыны Самат Егембердиев «танысың болмаса тасада қаласың» дегенді алға тартты.

**– Жасыратын несі бар, жұмысқа тұру бізде үлкен мәселе ғой. Әуелі танысың, сосын қалтаңда қаражатың болу керек. Өзім еңбек пенінің мұғалімімін. Әлі күнге дейін тұрақты жұмысым жоқ. Жұмыссыздыққа тіркелгенмін. Олар бірнеше рет сауда үйлерінде, тамақтану орындарында жұмыс барын айтты. Алайда, ондай жұмысты істейтін болсам, жоғарғы оқу орнында оқысам енім ғой, – дейді қынжыла.**

**Осы тұста, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Жаңақорған аудандық филиалының директоры Асылжан Жолдасбековпен тілдесіп, тұшымды пікірін тыңдағанды жөн көрдік.**

– Жастардың «екі қолға бір күрек» таппай, қол қусырып жүргені көңілге қаяу салады. Бүгінде мемлекет тарапынан қаншама бағдарламалар қарастырылып жатыр, белгілі бір мамандықты оқытып та жатыр. Меніңше, адамда ниет болу керек. Білемін, ел арасында түрлі көзқарас бар. Шың мұқтаж адам тиісті қаражаты ала алмай, жағдайды орнықтырар мүмкіндікті пайдаланып жатыр деген пікірлер бар. Қазір 400 АЕК яғни 1 225 200 теңге қайтарымсыз грант алып жатыр. Бұл аз ақша емес, кәсіпті дөңгелетіп кетуге өбден болады. Осыған орай, талаптары да қатандатылып жатыр. Басым бағытты жастарға беруде. Сондай-ақ, грант алған адамды мониторингті топ бір жылға дейін қадағаласа, енді үш жылға дейін тексеріп отырады. Осындай

өзгерістерден кейін, кім көрінген бұл қаражатты ала бермейді. Негізі, кез келген адам қандай да істі бастауға ниет етіп, бірақ неден бастарын білмей жүрсе, бізге келіп, кеңес алса болады, – дейді палата басшысы.

**Жасыратыны жоқ, бүгінгі жастардың ойлау қабілеті өзгерсе. Екі жастың өңгімесіне құлақ түрсең, заманауи техниканың игілігі мен кәсіп дамытудың жолдары туралы түрлі ақпараттарға қанығасыз. Олар қалай ақша табу керектігі мен өзін дамытудың түрлі тәсілдерін меңгерген. Өзің өз сөзегенде аудандағы кәсіпкерліктің 60 пайызы отыздан аспаған жастарға тиесілі. Мұның өзі жастардың экономикадағы бәсеңділігін аңғартады. Мұны жастар ресурстық орталығының директоры Наурызбай Орынбасаров та растады.**

– NEET санатындағы жастарды анықтау мақсатында үйлерді аралау жұмыстарын жүргіздік. Арнайы әзірленген сауалнамаға 15-28 жас аралығындағы 17944 жастың 80,1% (14390 жас) ерікті түрде қамтылды. Бұл аудандар ішіндегі ең жоғары жастар үлесінің қамтылу көрсеткіші. Сауалнаманың қорытындысына сәйкес NEET жастары 5,2%-ды (928 жас) құрайтыны анықталды. Өткен жылы 115 жас, жастар тәжірибесіне – 58 жас, тұрақты жұмыспен 21 жас қамтылды. Сондай-ақ жазғы маусымдық егістік жұмыстарына 207 жас тартылған. NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру бойынша «Білгеніңмен бөліс» жобасы аясында тігін, қолөнер курстарына 28 жас тартылды. NEET санатындағы 20 жасқа бүгінгі күні нарықта үлкен маңызға ие болып табылатын СММ дағдылары, Таргет, Мобилграфия бойынша кең көлемді ақпараттар беріліп, құрстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Жастар ресурстық орталығы» КММ және аудандық жұмыспен қамту орталығының ұйымдастыруымен «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы өтіп, әр түрлі мамандықтар бойынша 14 жас «Жастар тәжірибесі» бойынша бос жұмыстарға жолдана, 25 жасқа «Бастау бизнес» бағдарламасына қатысу бойынша консультация берілсе, тағы 15 жас «Жан-Арұлы» агроиндустриалды кешеніне экскурсияға аттанып, тәжірибелі кәсіпкермен кездесті. Сонымен қатар аталған категорияға жататын 7 жас «Перспективалық және инновациялық жобалар» байқауына қатысып,

кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетілді. Жұмыспен қамту орталығына тіркелгендерден бөлек, тіркелмеген жастар бар. Сол себепті де, үй-үйді аралап, мәліметтерді жинақтаудамыз. Негізгі мақсатымыз олардың әлеуметтік статусын анықтап, тізімін жасақтап жатырмыз, – дейді Наурызбай Ерікұлы.

Сонымен қатар, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының іске асырылуы бойынша жүргізілген мониторинг жайлы аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Талғат Зейдалиевке жолықтық.

– «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылға тұрғын үй сатып алу мақсатында 126 маманға 578 907,0 мың теңге қаражат қаралды. Бүгінгі таңда 127 маманға бюджеттік несие түрінде тұрғын үй сатып алуға 578 907,0 мың теңге әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілді. Оның ішінде білім беру саласына 73 маманға, денсаулық сақтау саласында 38 маманға, мәдениет саласында 2 маманға спорт саласында 5 маманға, агромеркәсіп кешені саласындағы 9 маманға тұрғын үй сатып алу үшін несие берілді. Сонымен қатар, 127 маманға 38 900,1 мың теңге көлемінде бір реттік көтерме жәрдемақы төленді. Оның ішінде білім беру саласына 53 маманға, денсаулық сақтау саласында 45 маманға, әлеуметтік қамсыздандыру саласында 1 маманға, мәдениет саласында 5 маманға, спорт саласында 10 маманға, агромеркәсіп кешені саласындағы 13 маманға бір жолғы көтерме жәрдемақы төленді. Ал 2023 жылы 108 маманға тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несие беру жоспарлануда, – дейді Талғат Зейдалиев.

Иә, аудандымыздағы жастардың жайын бағамдадық. Енді өзге елдердің тәжірибесін де байқап көрейікші. NEET жастар көрсеткіші аз елдерге Норвегия, Жапония, Сингапур мен Люксембургті айтуға болады екен. Аталған елдердің тәжірибесі де тиімді саналады. Мәселен, Жапонияда қажетті дағдыларды дамытуға қолдау бар. Олар жастардың бұл санатын зерттеп, өз-өзін дамыту бағдарламаларын жасайды. Сонымен бірге дамыған елдерде студенттерді жұмыс істеуге университет қабырғасынан бөлінеуі қатты қадағалайды екен. Тіпті, тағылымдамадан өтуге барған жерінде жұмысқа алу, қосымша ақы төлеу жағы да қарастырылған. Байқасаңыз, мұның өзі студентті қанаттандырары хақ. Яғни, баланың білім алуына кішкентайынан инвестиция салуды көздейді емес пе?

**P.S.:** Елдің ертеңін ойлаған кез келген адам жастарға жағдай жасап, олардың білімі мен білігін шыңдап, бос уақытында спорттық және мәдени секцияларға қатысып, тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік туғызуы тиіс-ақ. Нәтижесіне уақыт төреші...

# ЖАСТАРЫМЫЗДЫ ЖАТ АҒЫМНАҢ САҚТАНДЫРАЙЫҚ

Қазақ халқы қай кезде де бауырын паналаған жат жұртты да өзектен төппей, өмірін жалғауына жәрдем көмегінен аямаған. Тағдыр төлкегімен ел аумағына келген этностардың тілі мен ділі, дәстүр-салты ғана емес, діни көзқарасы мен наным сенімі де өзі үшін маңызды. Оған қол сұғу біздің асыл дінімізде де қошталмайды. Сондықтан да біздің өлімізде ресми тіркелген дәстүрлі дінді ұстанғандардың құқы заңмен қорғалып отыр.

## Балаларымызды теріс ағымдардан сақтандырудың жолы қандай?

Ата-аналар тарапынан дін өкілдеріне қойылатын сұрақтың көпшілігі осы. Біздің бұған беретін жауабымыз – балаларды үй-үйде ұйымдастырылатын беймәлім шараларға жіберуге болмайды. Қазір жер-жерде мешіттер, заңды бекітілген өкілдер бар. Үлкен-кішінің жұма намаздан қалмағаны абзал. Шынайы ліпмен қаруланған, мемлекеттік құрылым мазмұнымен қабысатын, конституциялық заңды құрметтейтін шарият қағидаларын қазық ете алған имамдарымыздың насихаттары ешкімді де адастырмасы кәміл. Діни білім алғысы келетін талапкерлерді өзге қалаға діни оқу орнына жіберетін болсаңыз ол оқу орны жайлы КМДБ-дан толық мағлұмат алып, рұқсаты бар-жоғын анықтап алған жөн.

Діни секталардың тарихы, діни уағызы ойдан шығарылған болса да соған имандай сеніп, соңынан еру, ол сол діндердің идеялық мазмұнының күштілігінен емес, адамдардың діни сауатының таяздығынан.

Біз әрдайымы діни экстремизм, діни терроризм бағытында зерттеу жүргізіп отырамыз. Сонда байқайтынымыз, тыйым салынған діни тақырыптарға желілерде кіріп кететін жастардың көптігін аңғарамыз. Оларды анықтап, жұмыс жасап, теріс мазмұндағы түсініктен арылту бойынша жұмыс жүргіземіз. Менің айтарым, діни экстремизмнің алдын алу үшін ең әуелі осы әлеуметтік желілерге сақ болу керек. Бұл бағытта бізге денсаулық сақтау және ішкі істер саласы қызметкерлері ұдайы көмектесіп отырады.

Қазір жастардыңәсіресе «Тик-ток», «В контакте», Инстаграм» желісінде ақыртан іздеп отырып, түрлі қиялы шығарымдарға шатылып жататыны да жасырын емес. Сондықтан жас-еспірлерді діни бағытта сауалдар берілгенде желіге жүгінбей, өзін-өзі текелей байланысқа шықса, біз оларға қажетті деректерді түгелдей тауып бере аламыз.

Адам жүрегі Алланы еске алумен тынышталды. «Мұғтият» КЗ»-ке кіріп, ұстаздарды тыңдау керек.

## Өзге ағым өкілдерін қалай ажыратуға болады?

Ең бірінші есте сақтайтын нәрсе, қалаға жаңадан келіп, қиналып

тұрған жанды олар бірден таниды. Оларға сыпайы көмек көрсету арқылы өздеріне тартып, бауырға көмектесуі ләзім деп сенімге кіреді. Қолшын беріп, көмектесуге дайын тұрады. Сондықтан беймәлім адамдармен жақын жұғысып, тығыз қарым-қатынас орнатудан сақ болған жөн.

Ислам діні бейбітшілік пен жақсылықтың діні. Оның шарттарын мүлтіксіз орындау парыз. Бірақ мектеп оқушыларына ең әуелі өздеріне міндет етіп қойылған сабақтарын оқуда мұғалімнің айтқанын қылып, мектеп ережесін орындауы парыз. Кей оқушылар сабақтан қашып, жұма намазына келемін деп әрекеттенеді. Ұстазды алдап, тұмаға келгенде Алла разылығын алу мүмкін емес. Өйткені Алла жалған айтқанын қылмай, сүймейді. Әркім өзінің басқарушысына бағынуы керек. Ораза тұту мәселесінде де солай. Денсаулығың жүйелі, сабақ оқуға кедергі келтірмейтіндей мықты қажырлы болмаса, әлсіздікке ұшырап, не сабақты дұрыс оқымай, өзіңнің денсаулығыңа да қиындық келтіретін ауыртпалықтарын байқасаң, онда дімқас жандарға ораза парыз етілмеген. Өйткені ораза – парыз, денсаулық аманат. Бір-бірімен үйлесіп, үкімді орындау уәжіп.

Жасөспірімдерге айтармыз, разылықтың үлкені – ата-ананың разылығында. Солардың көңілін шат қылу арқылы есепсіз сауалға келендерді ұмытпа. Ата-ананы, үлкен кісілердің алғысы мен батасын көп алсаң Алла сізді көтереді. Қай ортада болмасын біліміңмен емес, алдымен мінезіңмен ұнамдысың.

Еліміз жаңарып, әділетті қоғамға бет алған қазіргі кезеңде діннің потенциалын тиімді пайдалану өмір талабы десе де болғандай. АҚШ-та «Әрбір отбасын шіркеуге айналдырайық» деген ұранның болуы кездейсоқтық болмаса керек. Отбасы – барлық тәрбиенің бастауы. Жергілікті тазалықпен сауылған бейқұн болмаса бөленіп өскен сәби есейгенде елдің қамын жейтін, біреудің ақысына кірмейтін, ақ адал маңдай теріне сүйенген арлы азамат болып өсетінін кепілдік бере аламын. Олай болса, жастарымызды таза жолдан ауытқымайтын адалдыққа тәрбиелеу – ортақ міндетіміз.

**Дәулет ОРЫНБАСАР,  
орталық мешіттің  
наиб имамы**



## Сенім телефоны, қабылдау кестесі

Байкенте ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №9410 «Сыбайлас жеңорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексінің талаптарын жүзеге асыру мақсатында аппарат қызметкерлері талаптарына құқық бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Байкенте ауылы Қ.Сирғейбайұлы көшесі №97 ғимаратта орналасқан 58-2-74 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

Ауылдық округ әкімі Оспанов Нұрғали Әлайдарұлы жеке мәселелер бойынша тұрғындарды әр айдың бірінші және соңғы аптасының сәрсенбі күндері сағат 15.00-17.00-ге аралығында қабылдау жүргізеді.

## Хабарландыру

«Қамқоршы» кредиттік серіктестігі ЖШС-гі Басқармасының шешімімен белгіленген құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2023 жылы қаңтар айының 31-ші жұлдызы күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді Иманов даңғылы №132 үй. («Қамқоршы» КС ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібінде:  
1. Серіктестік құрамынан арыздарына сәйкес құрылтайшыларды шығару, жаңадан құрылтайшылар қабылдау, ішінара құрылтайшылардың жарғылық салымын көбейту немесе азайтуға байланысты серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына өзгеріс енгізу жайлы. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)

2. Серіктестіктің жарғылық капиталының көлемі мен несие желісін 1/19 есеге, яғни әрбір құрылтайшының жарғылық қорға салған үлесіне сәйкес бөлу жайлы. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)

3. Серіктестік құрамының өзгеруіне және серіктестіктің құрылтайшыларының жарғылық салымдары қаржыны 25 пайыз келіпте қою үшін, «Еуразиялық банк» АҚ-да депозиттік есеп шотта салымда

тұрған қаражатқа қосымша қаражат салу, серіктестіктің несие желісіннің ұлғаюы жайлы. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)

4. «Рахат», «Ақмаржан» шаруа қожалықтарының басшыларының ауысуына байланысты серіктестіктің Жарғысы мен Құрылтай шартына өзгеріс енгізу жайлы. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)

5. Серіктестіктің 2023 жылға арналған бюджетінің жобасын бекіту. (Баяндамашы Бекмаханов С.Д.)

6. Несие рәсімдеу үшін ішкі нормативтік құжаттардың жаңа үлгілерімен танысып бекіту. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)

7. Қамқоршы» кредиттік серіктестігі ЖШС-нің Жарғысына өзгеріс енгізу жайлы. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)

Осыған байланысты 2023 жылдың қаңтар айының 31-ші жұлдызы күні сағат 10.00-де болатын құрылтайшылардың жалпы жиналысына қатысуларыңызды сұраймын.

**Е.Д.Еркішев,  
«Қамқоршы» КС-нің» ЖШС-нің  
Басқарма төрағасы**

## Хабарландыру

«РҮ-6» ЖШС «Қызылорда облысындағы Қарғалы мемлекеттік табиғи қаумалының аумағын азайтудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі» жобасы бойынша бірінші экологиялық порталда ашық талқылау нысанында қоғамдық дөңлеу өткізу туралы хабарлайды.

Қызмет бастамашысы- «РҮ-6» ЖШС, тел. +7(72432)35-1-64, факс +7(72432)35-2-31, Қазақстан Республикасы, 120710, Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Бәйтерек ауылдық округі, Бидайкөл ауылы, Бидайкөл шатқалы, 3-Құрылыс. БСН 060440002000, rub@rub.kazatoprom.kz.

Жобаны әзірлеуші - «ТЕРРА» қашықтықтан зондтау орталығы және ГАЖ ЖШС, тел. +7 (727) 236-08-74, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көк-Төбе м., Роза Бағланова к.с. 83 үй, БСН 990240008036, info@gis-terra.kz.

Қызылорда облысындағы Қарғалы мемлекеттік табиғи қаумалының аумағын азайтудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі бірінші экологиялық порталдың сайтында 2023 жылғы 23 қаңтардан бастап 20 жұмыс күніне орналастырылды.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты + 77052505903 тел. Және электрондық пошта арқылы алуға болады utyasheva71@mail.ru.

Жоба бойынша және жарияланған хаттама бойынша ескертулер мен ұсыныстар 2023 жылғы 23 қаңтардан 17 ақпанға дейін бірінші экологиялық хаттамада, сондай-ақ Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 мекен-жайы бойынша «Қызылорда облысының Тарихи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де қабылданады, Prd@korda.gov.kz.

## Объявление

ТОО «РҮ-6» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале по проекту «ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОЕ ОСНОВАНИЕ УМЕНЬШЕНИЯ ТЕРРИТОРИИ КАРГАЛИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРИРОДНОГО ЗАКАЗНИКА В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ».

Инициатор деятельности – ТОО «РҮ-6», тел. +7(72432)35-1-64, факс +7(72432)35-2-31, Республика Казахстан, 120710, Кызылординская область, Шелинский район, сельский округ Байтерек, Сельбайкөл, Урочище Бидайкөл, Строение 3. БИН 060440002000, rub@rub.kazatoprom.kz.

Разработчик проекта – ТОО «Центр Дистанционного Зондирования и ГИС «ТЕРРА», тел. +7 (727) 236-08-74, Республика Казахстан, г. Алматы, м-он Кок-Тобе, ул. Розы Бағлановой, дом 83, БИН 990240008036, info@gis-terra.kz.

Естественно-научное обоснование уменьшения территории Каргалинского государственного природного заказника в Кызылординской области размещено на сайте Единого экологического портала с 23 января 2023 г на 20 рабочих дней.

Дополнительную информацию по проекту можно получить по тел. +77052505903 и электронной почте utyasheva71@mail.ru.

Замечания и предложения по проекту и по опубликованному протоколу принимаются на Едином экологическом с 23 января по 17 февраля 2023 года, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» по адресу: Кызылординская область, 120003, город Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, Prd@korda.gov.kz.

## Жарамсыз деп табылсын

Койшибекова Кульжима Садықбековнаның атына берілген гос актіді, кадастрлық номері 10-149-002-1217 жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

**Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде**

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Өсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӨМ берген №90001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2022 жылы 13 шілде күні қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Абай Құнанбаев көшесі №96 үйде тұрған азамат **Шайхов Асылханның** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат.**

**Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.**

\*\*\*

**Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 6**

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# АЛЫП ТҰЛҒА АЛАСАРМАЙДЫ

1965 жылы жұмысымызбен тікелей танысу үшін арнайы іссапармен Сыр елінің перзенті, Қазақ ССР Геология министрі Шахмардан Есенов келді. Ол барлық мән-жайды біліп, қаражат бөлдіретін болып аттанды. Бірақ, жұмыс арада жеті жылдай тоқтап, 1972 жылы жалғасын тапты. Мен әдейілеп сұранып, техникалық жетекші болып, Шалқияға келдім. Тау жыныстарын егжей-тегжейлі барлау стадияларын толық орындап, 1983 жылы Мәскеудегі Мемлекеттік қор комитетіне тапсырып, өндірістік мақсатта пайдалануға «Ащысай» полиметалл комбинатына өткізуге рұқсат қағаз алдық. 1985 жылдан бастап Шалқия қазбалы кен орны Қызылорда облысына өтті» дейді алтынның сынығын алдырған жандардың бірі. Қазір бұл кісі Жаңақорған кентінде тұрады.

20 шақырымға дейін кен рудасына бай. Алдағы уақытта мұның барлығы халықтың игілігіне айналуы білімді ұрпақтың қолында. Сондықтан туған жердің жастары көп оқып, талапталып, таудай мақсаттарына жете берсе екен деп сырттай тілектестік жүреміз» деген сөзі көңілімізді шын елжіретті. Осы күні Жаңақорған кентінде тұрып жатқан зейнеткер, байырғы геолог Тұрлыбек Шаназаров ақсақалдың да жоғарыда айтқан құнды естеліктерін бөлісті.

Жастары бірағыз келсе де бойлары тік, зердесі мықты, бәтуалы сөзінен жаңылмаған болмыстарына іштей сүйсініп, алдымызда арқа сүйер ағаларымыздың барына көңілің тоғайып қалады екен.

Өмір заңы қатал ғой, Алматыдан келген суыт хабар асыл аға Әбдіхан Ермаханұлының бақилық болғанын жеткізді.

Сүйікті мамандығына титтейнен беріліп, қажырлы бейнетпен оның биік шыңына жеткен, перзенттерін де осы жолға тәрбиелеген ағаның бес перзенті де жолын қуып, жоғары білім алып, тау-кен инженерлері атанды. Сондықтан бұл отбасын «Кеншілер династиясы» деуге толық негіз бар.

Ардақты жанның халық игілігі үшін атқарған еңбегі жоғары бағаланып, «Анполиметалл комбинатының еңбек сіңірген ардагері», «Қазақстанның ұлттық тау-кен ғылымдары Академиясының «Академиялық кеңесші» құрметті атақтарына, ие болды. Ол сонымен қатар КСРО және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және салалық наградаларының иегері, «Кентау қаласының Құрметті азаматы».

Өзінің еңбек жолында 1982-1990 жылға дейін «Мырғалымсай» кенішінде осынау ел ардақтысының қарауында жұмыс атқарып, білікті тәрбиесін ала білгенімді мақтаныш санаймын. Ол кісіден өндіріс бағытында бай тәжірибе шыңдауым бір басқа, адами ақыл-парасатынан бойға сіңіргенім көп. Мүлде басқа салада жұмыс де нәзік жүрегінің әміріне бағынып, ән шығарған сазгерлігі оның жанына ұдайы шуақ дарытып тұрды ма, өте мейірімді де, жұмбақ мінезі оны барлығымызға бірдей қадірлі етті. Ол 17 әннің авторы. Оның жүрегінен шыққан «Кеншілер вальсі» төл мамандығына тұрғызыған мәңгілік ескерткіші болып қалды. Ал өзі бүкіл болмысымен біздің жүрегімізде мұңіл сақталады.

**Бейбіт АХМАМБЕТОВ,**  
«Шалқия ЦИНК ЛТД» Бас директорының өндіріс бойынша орынбасары

**Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдан бастап, өлімізде ғылым мен білімді дамытып, білім кеңістігінің қалыптасуына айрықша көңіл бөлініп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты бәсекеге қабілетті маман дайындау. Бұл бағытта білім ордалары мен түрлі байқауларға шәкірттер даярлайтын оқушылар үйінің орны ерекше. Ал мұндай қасиетті мекенде өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін шексіз сүйетін адам ғана жұмыс істей алады. Сондай білікті ұстаздың бірі Аяулым Қанатқызы.**



## ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – САПАЛЫ БІЛІМ

Ол жақында ғана Астанадан ақжолтай жаңалығымен оралды. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына жолдауын білім беру саласы мамандарының арасында өз деңгейінде насихаттап, осы тақырып аясында ашық сабақ өткізеді. Үнемі жанаңша бағытта ізденіп, оны оқушыларына ұсыну барысында тәжірибе арқылы жеткізетін кейіпкеріміздің сабағы көптің көңілінен шығады. Еткен еңбегі еш кетпегенін естіген ұстаз республикалық сайыста бағын сынап көруге бел буады. Өйткені қазіргі заман мұғалімі педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты түрде өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуы керектігін жақсы түсінеді. Осылайша «Bilim-orkeniet» ұлттық инновациялық

ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған республикалық «ҮЗДІК АШЫҚ САБАҚ-2022» атты байқауына қажаттары мен ережесі сай бекітілген сабақ жоспарын жолдайды. Нәтижесінде үздіктер қатарынан көрініп, І дәрежелі дипломен марапатталып, «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту саласының үздік педагогы төсбелгісін» кеудесіне тағады.

«Біз «Бала – болашағым» деген еліміз. Сондықтан біздің алдымызда ұлы міндеттер тұр. Ел болашағы болар жас ұрпақты тәрбиелеу жолында біздер баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, алған білімін болашақта қолдана алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуге міндеттіміз. Осы жолда ізденіп, сабақ барысын қызықты етіп жеткізу басты мақсатымыз. Француз қайраткері «Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін

қажет» демекші, оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу біздің күнделікті жұмысымыз. Сондықтан жиі ілімімізді дәлелдеуде осындай байқаулар тәжірибеміздің одан әрі дамуына септігін тигізетіні айқын, – дейді Аяулым Қанатқызы.

«Қызықты география» үйірмесінің жетекшісі болып жұмыс істеп келе жатқан жаңашыл ұстаз жайында оқушылар үйінің директоры Салтанат Төлепбергенова: «Аяулымның осы салада 5 жылдық тәжірибесі бар. Оны аудан көлеміндегі өз саласын толық меңгерген мұғалімдер қатарына жатқызуға әбден болады. Оған бүгінгі күні жеткен жетістігі дәлел. Бұдан бөлек қаншама байқауларда бағын сынап жүрген әріптесіміз оқушыны жаңа әдістемелен оқытаудағы негізгі модульдерді жақсы меңгергенімен көптен ерекшеленеді» деді.

Бір ғана бағытта тоқтап қалғанды ұнатпайтын кейіпкеріміз өз саласына қатысты Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы Айдана Оспанбаевамен бірігіп «География және табиғат» ғылыми педагогикалық журналына «Жайнаған жаңғырған жаңа өлке» тақырыбында Жаңақорған туралы мақаланы әзірлеп жатыр екен.

Көрген халқымыз әр кезде де ұстаз мәртебесін жоғары бағалаған. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп, бар жақсы ниет-тілекті ұстазға арнаған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан басталады» деген. Әр уақытта ұстаз жоғарыда атап өткен жайлардың үдесінен шыға отырып, шәкірттеріне әділдік үлгі берсе, еліміз үшін еңбек етіп, балқитын пен оның жемісін көрер шәкірттер қатары артары анық.

**Лаура БИБАСАРОВА**

Телефондар:  
**Бас директор** – 8 (7242) 70-00-36  
**Бас редактор** – 8 (724 35) 21-4-35  
**Бас редактордың орынбасары** – 21-9-71  
**Тілшілер** – 22-2-44

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігі Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17663-Г куәлігі берілген.  
«Жаңақорған тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А. Тел: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 22-2-44 немесе 8(7242)70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

**Таралымы 6000 Тапсырыс №92**  
Газеттің кезекші редакторы Әсел РЗАЕВА



# АЛҒАШҚЫ ТРАКТОРШЫ – ТӨРЕБАЙ

**«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз». Бұл – Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың парасатты пайымы. Шынында, заманауи техника жетіліп, барлық салаға цифрландыру еніп жатқанымен еңбек адамды деген сұраныс азайған жоқ. Қайта адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын қасиет – еңбекқорлықта. Міне, Мемлекет басшысының ұсынған концепциясының мән-маңызы осында. Сондықтан еңбек адамын насихаттау ұдайы жүргізіліп, басымдық ету міндеті тұр. Мұндай тұлғалардың арасында бүгінгі еңбек қайраткерлерінен бастап, тарихи тағылымы айналып еңбеккерлерді де жатқызу орынды. Осы өлшеммен айтатын болсақ, аудандың алғашқы механизаторының бірі – Төребай Жолшыбекулы туралы сөз ету, мағыналы іс емес пе?!**

Айдекең – Айдархан Бибасаров шежіре адам еді ғой, шіркін! Осы күні көп нәрсені біліп, жазып алмағанымызға өкініп жатамыз. Бірде: «Ауданға тұңғыш ХТЗ (Харков трактор зауытында шыққан трактор) мініп келгенім бірі – Төребай Жолшыбекулы» дегенін естіген едім.

Жақында Тасболат ақсақал хабарласып: – Осы күні әкем туралы көп ойланып, толғанамын. Ел аумағында ұжымдасқан шаруашылықтар – колхоздар құрылып жатқан кезде ауыр техникаға сұраныс артты. Баяғыдай өзгерткен жерді жырту өнімдісі іске айналды. Өзге жұрт сынды тракторды меңгеру міндеті тұрды. Осындай кезде әкем Төребай Шиели қонысындағы арнайы курстан өтіп, ауданға тракторды алғаш мініп келгенім бірі болды, – деді.

Қаламгер А.Бибасаровтың айтқаны ойда жаңғырып, механизатор-тракторшы Төребай туралы ізденуді дұрыс санадық. Сөйтіп, аудандық мұрағаттан бірнеше құжат таптық. Онда 1937-1953 жылдары Жаңақорған МТС-інде тракторшы, бригадир, учаскелік механик, бақылаушы механик, инженер, меңгеруші қызметін атқарғаны көрсетілген.

Біле білген адам, елге ауыл-шаруашылығы техникалары енді ғана келіп жатқан уақытта трактордың тілін жетік біліп, оны уақытылы жөндеп, өнімділікті арттыруға үлес қосу аса жауапты жұмыс екенін жақсы түсінеді. – Әрине, әкем арнайы курсты жалғыз оқыған жоқ. Қандыарал колхозынан Әжібек және Мақатпен бірге барды. Аз уақыт ішінде трактордың құрылымына қанығып, колхозға механиканы мініп келеді. Бұл кезде ауыл халқы үшін ауыр техника тансық нәрсе. Жерді өгізбен жырып, арық-қарықты қол күшімен көтеретін кезде, әкелеріміз жанаңашылдыққа бейім екенін танытып, – деді ақсақал.

Бастауыш кластық сауаты бар Жолшыбекулы Төребайы механизаторлық оқуда барынша ынта-ықыласын танытып, техниканы тізгіндеуде икемін көрсетеді. Сөйтіп, көктемгі дала жұмыстарына өгізсіз, өздігінмен жүретін темір арбамен жерді жыртуға дайындалды. Бұл оқиға – ауыл халқы үшін үлкен той іспеттес болды.

Сол мандағы Қандыарал, Төменарық,

Екпінді колхозының тұрғындарын айтпағанның өзінде, теріскейдегі Ақсұмбе жақтан ХТЗ-ның кереметін көруге асыққан жұрт көп болды. Трактордың сынағы бірнеше жылдан бері егін егілмей топырағы тыңайған «Жыңғылды ой» деген жерде байқалды. Төребай, Әжібек, Мақат мінген трактор қаз-қатар тізіліп, соқа түрленіп түсіріп, іске кірісіп кетеді. Жұрт таң-тамаша. Өз көздеріне өздері сенер емес. Трактор өзгеше соқаға қарағанда тереңдеу тілін батырып, топырақты аударып тастайды екен. Бұрынғыдай өзгеше соқамен 3-4 гектар жерді оншақты күн жұрмей, трактор бір күнде-ақ шаруасын бітірді.

Сосын келесі колхозға жол тартып, жұртқа трактордың кереметін көрсетіп, көктем түскелі трактордан бір түспеді. Жерді жыртты, сосын тіркеме арқылы әзірледі. Арықты да бір ізге түсіріп, бұрынғыға қарағанда жұмысты жеңілдетті. Мұның бәрі өнімділікті арттыратыны сөзсіз.

Солай болды да. Тары мен арпа бітік шығып, мол өнім жинады. Қызде де трактор жәрдемге келді. Қысқасы, ХТЗ дикандардың көңіл-күйін қамдап, техниканың әлеуетін таныта түсті.

Сол жылдардағы белгілі механизатор Ақылбек Тауаров, Сәуле Өскенбековтер трактордың тынысын жақсы танытып Төребай Жолшыбекулына өз уақытында өте кәсіби маман ретінде бағасын беріпті. Арихтевін табылған құжатта: «Бізге жаңа темір арбаның тетігін үйретуде Текеңнің еңбегі көп. Оны көктемгі жер жырту, күзгі егін жинау науқанында үйінен де, МТС-тен де таппайтынбыз. Үнемі тракторлар арасында жүретін», делінген.

Рас өз ісіне берілген маманның сөз жәрдемі, қол жәрдемі жауапты науқанда екі есеге артып, күндіз-түні дала жұмысын жандандыруға бағыттауы керек-ақ. Ол кезде тракторды толық меңгерген қадірлер тапшы. Қысқа мерзімді курстан адамдар тракторды орнынан қозғап, жүргізуді үйренгенімен, оны жөндеуді аударып алған іс емес. Ол үшін көп ізденуі тиіс, бәрін бұрын таланып мен талабы болуы тиіс. Төребайда талант та, талап та болды. Сондықтан өзгелерден ерек болып, техниканы тез меңгерді, тілін біліп қана қоймай, жөндеуге дағдыланды.

Бұл туралы жазушы-журналист

Айдархан Бибасарұлы: «Ауыл шаруашылығы техникасының білгір маманы ретінде Төребайды соғыстан бірнеше рет броньмен қалдырды. Бесарық пен Төменарық арасындағы жиырма төрт колхозға бөлінген тракторлардың бұзылғаны Төребайдың келуін күтіп тұрады екен», – дегені бар-ды.

Ол Жаңақорған МТС-інде тракторшы, бригадир, учаскелік механик, бақылаушы механик, инженер, меңгеруші қызметін атқарып қана қоймай, арнайы курста тәлімін алған жас тракторшыларға тәлімін сіңіріп, ұстаздық қызметті де атқарды. Соғыс жылдары ерлер соғысқа кетіп, тыл жұмысында әйелдерге көп күш түсті. Осы кезде тракторды әйелдердің меңгеруі қажет еді. Ерлердің өз жүрескіне меңгеретін техниканы игеру әйелдерге оңай болмайтыны анық. Осындай кезде Төребай бастаған мамандар әйелдерге сенімділік беріп, еңбек даласын жандандыра түседі. Одан тәлім алғандар арасында атақты Халипа Түлкібаева мен Мария Нарымбетова да бар.

Ауданның алғашқы механизаторлары Мұлкаман Бұхарбаев, Тұрғанбай Палымбетов, Тұрсынқожа Шалапов, Сейітхан Бердібеков, Әлі Тоқсанбаев, Мақұлбек Ауанов және тағы басқалар Төребай Жолшыбекулының ақыл-кеңесін сұрап, үзінгілес қызмет етті.

Азаматтың еңбегін бағалап отыру маңызы десек, Төребай өз уақытында марапаттан кенде болған жоқ. Бірнеше рет ауданның чемпионы атанып, облыс, республикалық деңгейдегі басшылардан алғыстар мен грамоталарды алды. Мәселен, 1937 жылы «Октябрь» революциясына 20 жылдық мерейтой күрметіне орай тракторларға ұқыпты қарағаны үшін, 1939 жылы адал қызметі үшін, 1946,1950 жылдары да сыйақы көрсетілсе, 1950-1953 жылдар аралығында өндірістік тапсырмаларды асыра орындағаны үшін, жалпы есіл еңбегі үшін 20-ға жуық алғыс пен сыйақы бірлген.

Екі перзенті Тасболат және Бекболат та аудандағы белді механизатор қызметін абайорылы атқарды.

Қысқасы, Төребай Жолшыбайұлы өтпелі кезеңде Жаңақорғанның дамуына өз деңгейінде үлес қосып, аудан тарихында өзіндік орны бар тұлға. 1953 жылы өмірден өтті. Еңбек адамын дәріптеу елдік деңгейдегі іс деп білетін болсақ, онда жастардың жадына ұлағаты тұлғалар туралы сіңіру міндетіміз.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

## ОЗАТ ОҚУШЫНЫҢ БИГІ

**Болашақ – білімді жастың қолында. Білімімен, әрі өнерімен кезге түсіп жүрген кішкентай бұлдіршін Асан Айгерім Талғатқызы. Жастайынан зеректігімен ұстаздарының көзіне түскен оқушы математика пәнінен алғырлығын танытып, облыстық, аудандық сайыстарда жүлделі бастестерді бағындырып жүр. Жақында Түркістан қаласындағы өткен Халықаралық олимпиадада ментальды арифметикадан жүлделі орынды иеленіп, мерейі есті. Ол аудандағы «Зейін» бастауыш мектебінің 4 сынып оқушысы.**



Бұл сөзімізді Айгерімнің ұстазы Әлия Сейдулалиева қолдай кетті: – Айгерім өте зерек шәкірт. Математика тіліне деген қызығушылығы басым. Үйреткен жаңа сабақты тез ұғып, өз бетінше сөздіктерді жаттап, сөйлемдерді құрастырып отырады. Әр баланың өзіне тән ерекше қасиеті болады. Жаңартылған білім бойынша сабақ беріп келе жатырмын. Өзінің білімге, есепке ынтасы өте жоғары, – дейді ұстазы.

Әлі ойын жасындағы бала болса да Айгерімнің білімге деген құштарлығы басым, болашағына қойған мақсаты айқын. Бос уақытында есеп шығарып, түрлі кітап оқып, ағылшын және орыс тілін меңгеруді алға қойған оқушының арманы асқақ. Айтар ойы мығым. – Ата-анам әрдайым білімдімді болашағы жарқын деп айттып отырады. Мен де болашақта білімді,

білікті маман болуды армандаймын. Арманым болашақта білікті, өз ісінің нағыз маманы болғым келеді, – дейді дарынды оқушы.

Болашағын баянды етуді мақсат тұтқан балауса қыздың талпынысы қатарластарына үлгі-өнеге екені даусыз. Ол білімін шындауда білім додаларына да жиі қатысып отырады. Осы талабынан жаңылмаса Айгерім Талғатқызын әлбетте биіктен көреріміз анық, «Талаптыға нұр жауар», – дегендей жас талапкерге болашақта алар асуы білік, жолы ашық болуына тілекшіміз. ХХІ ғасыр білім ғылымының озық техниканың алтын дәуірі.

Алдағы уақытта осындай талантты жастардың дарынын шыңдап, білімін жетілдіре түсу міндеті тұр. Сонда ғана өркендеуді биік белесіне көтерілеріміз анық.

**Әсел КЕҢЕСҚЫЗЫ**

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢАРБАЕВ**  
Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Баян УСЕЙІНОВА**

Телефондар:  
**Бас директор** – 8 (7242) 70-00-36  
**Бас редактор** – 8 (724 35) 21-4-35  
**Бас редактордың орынбасары** – 21-9-71  
**Тілшілер** – 22-2-44

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігі Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17663-Г куәлігі берілген.  
«Жаңақорған тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А. Тел: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 22-2-44 немесе 8(7242)70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

**Таралымы 6000 Тапсырыс №92**  
Газеттің кезекші редакторы Әсел РЗАЕВА